



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 15 қараша

Балқаш қаласы

№ 573

город Балхаш

Педагогтердің біліктілік  
санаттарының қолданысын  
ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 05 қарашадағы 20-1-20-7/7450-И хатын және Қарағанды облысы білім басқармасының 2024 жылғы 11 қарашадағы №2-18/7569 хатын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім комитеті «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (ҚР ОМ 02.04.2024 ж. № 72 бұйрығында жазылған редакцияда) сәйкес аттестаттау оқу жылында 1 рет өткізілетіндіктен, біліктілік санатының қолданылу мерзімі 2024 жылғы қыркүйек – желтоқсан айларында аяқталатын педагогтердің, білім беру ұйымдары басшыларының, басшылар орынбасарларының біліктілік санаттары келесі аттестаттау кезеңіне, яғни 2025 жылғы қаңтар – 1 қыркүйекке дейін **ұзартылсын.**
2. Біліктілік санаты үшін белгіленген мерзімге дейін қосымша ақы төленуі **қамтамасыз етілсін.** Жауапты білім беру ұйымдарының басшылары.
3. Білім беру ұйымдары біліктілік санаттары келесі аттестаттау кезеңіне ұзартылатын педагогтердің тізімі ішкі бұйрықпен бекітілсін. Жауапты білім беру ұйымдарының басшылары. Мерзімі 18.11.2024жыл
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Ж.Айнабековаға **жүктелсін.**

Бөлім басшысы

К.Дубирбекова